

**«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың «ВСС Elite» қызметтер жиынтығы
аясында кешенді қызмет көрсету туралы шарт/
Договор о предоставлении комплексного обслуживания в рамках пакета услуг
«ВСС Elite» АО «Банк ЦентрКредит»
№ _____**

<p>_____ қ. «___» _____ 20_ ж.</p>	<p>г. _____ «___» _____ 20_ г.</p>
<p>_____ негізінде іс-әрекет ететін азамат(-ша) (бұдан әрі – Клиент) _____, бір жақтан және «Банк ЦентрКредит» АҚ (бұдан әрі – Банк) атынан Жарғы негізінде іс-әрекет ететін _____, екінші жақтан, «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың еншілес ұйымы – «ВСС Invest» АҚ (бұдан әрі – Серіктес) атынан _____ негізінде іс-әрекет ететін _____, үшінші жақтан, бұдан әрі бірігіп «Тараптар» деп аталып, төмендегі мәселелер жөнінде осы ««Банк ЦентрКредит» АҚ-тың «ВСС Elite» қызметтер жиынтығы аясында кешенді қызмет көрсету туралы шартты» жасады:</p>	<p>Гражданин (-ка) _____, именуемый (-ая) (далее - Клиент) действующий на основании _____ с одной стороны, АО «Банк ЦентрКредит» в лице _____, действующего на основании _____ (далее - Банк) с другой стороны, АО «ВСС Invest» - дочерняя организация АО «Банк ЦентрКредит», в лице _____, действующего на основании _____ (далее - Партнер) с третьей стороны, далее совместно именуются Стороны, заключили настоящий Договор о предоставлении комплексного обслуживания в рамках пакета услуг «ВСС Elite» АО «Банк ЦентрКредит» о нижеследующем:</p>
1. Шарттың мәні	1. Предмет Договора
<p>1.1. Осы Шарттың мәні – «ВСС Elite» қызметтер жиынтығы аясында қызмет (бұдан әрі – Қызметтер жиынтығы) көрсеткен кездегі Тараптардың бірлескен әрекеті.</p>	<p>1.1. Предметом настоящего Договора является взаимодействие Сторон при предоставлении продуктов и услуг в рамках пакета услуг «ВСС Elite» (далее – Пакет услуг).</p>
<p>1.2. Қызметтер жиынтығы аясында Банк осы Шарттың 1-қосымшасына сәйкес талаптарда өнімдер ұсынып, қызметтер көрсетеді.</p>	<p>1.2. В рамках Пакета услуг Банком предоставляются продукты и услуги на условиях, согласно Приложению № 1 к настоящему Договору.</p>
<p>1.3. Қызметтер жиынтығы аясында Серіктес осы Шарттың 2-қосымшасына сәйкес талаптарда өнімдер ұсынып, қызметтер көрсетеді.</p>	<p>1.3. В рамках Пакета услуг Партнером предоставляются продукты и услуги на условиях, согласно Приложению № 2 к настоящему Договору.</p>
<p>1.4. Осы Шартқа сәйкес Банк пен Серіктес осы Шартта көзделген және/немесе Банктің және/немесе Серіктестің өнімдері мен қызметтерін Клиент пайдаланған сәтте қолданыста болған талаптарда Қызметтер жиынтығы аясында Клиентке кешенді қызмет көрсетеді.</p>	<p>1.4. В соответствии с настоящим Договором, Банк и Партнер осуществляют комплексное обслуживание Клиента в рамках Пакета услуг на условиях, предусмотренных настоящим Договором и/или действующих на момент пользования Клиентом продуктами и услугами Банка и/или</p>

	Партнера.
1.5. Төменде көрсетілген талаптардың бірін орындаған жағдайда, Банк пен Серіктес осы Шарттың аясында кешенді қызмет көрсетеді:	1.5. Комплексное обслуживание в рамках настоящего Договора осуществляется Банком и Партнером при условии выполнения одного из следующих условий:
1.5.1. Клиент Банкте ашылған банктік шотқа ең кемі 12 (он екі) ай мерзімге 100 000 000 (бір жүз миллион) теңгеден басталатын сомада немесе өзге валютада (бұдан әрі – «төмендетілмейтін қалдық») (эквиваленті Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағамы бойынша есептеледі, есепке Клиенттің Банктегі салымдары бойынша жиынтық қалдық та кіргізілуі мүмкін) Салым салған жағдайда;	1.5.1. размещения Клиентом Вклада на банковском счету, открытого в Банке, на срок не менее 12 (двенадцать) месяцев на сумму от 100 000 000 (сто миллионов) тенге либо в иной валюте (эквивалент рассчитывается по курсу Национального Банка Республики Казахстан, в расчете могут быть учтены суммарные остатки по вкладам Клиента, имеющимся в Банке) (далее – «неснижаемый остаток»);
1.5.2. Клиент Қызметтер жиынтығы аясында Банктің бекітілген тарифтеріне сәйкес комиссия төлеген жағдайда.	1.5.2. оплаты Клиентом комиссии согласно утвержденным тарифам Банкав рамках Пакета услуг.
1.6. Қызметтер жиынтығы осы Шарт жасалған күннен бастап және Клиент осы Шарттың 1.5-тармағын сақтаған жағдайда күшіне енеді және осы Шарттың 6-тарауында көрсетілген мерзімдерде және жағдайларда тоқтатылады.	1.6. Пакет услуг действует с даты заключения настоящего Договора и при условии соблюдения Клиентом п. 1.5 настоящего Договора, и прекращается в сроки и в случаях, указанных в Разделе 6 настоящего Договора.
2. Жалпы қағида	2. Общие положения
2.1. Осы Шартқа қол қою арқылы Клиент:	2.1. Подписанием настоящего Договора Клиент подтверждает, что:
- «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың операцияларды жүргізудің жалпы талаптары туралы ережесімен (бұдан әрі – Ереже) танысқанын, Ереженің мәтінін түсінетінін, Ережемен келісетінін растайды және Ережені тиісті дәрежеде орындауға міндеттенеді.	- ознакомился с Правилами об общих условиях проведения операций АО «Банк ЦентрКредит» (далее – Правила) понимает их текст, выражает свое согласие с ними и обязуется их выполнять надлежащим образом.
- Банк және Серіктес кейін акцептілеген жағдайда, осы Шарттың Ережемен қоса алғанда, Қызметтер жиынтығы аясында кешенді қызмет көрсету туралы жасалған шарт болып табылатынын растайды;	- настоящий Договор, при условии его последующего акцепта Банком и Партнером, в совокупности с Правилами, является заключенным Договором о предоставлении комплексного обслуживания в рамках Пакета услуг;
- осы Шартта және Ережеде өзінің жете түсінетінін мүдделеріне байланысты Клиент қабылдамауы мүмкін Клиент үшін қандай да бір ауыртпалығы бар талаптардың жоқ екенін растайды және Клиент Банк пен Серіктестің Клиентке Шарттағы және Ережедегі талаптарды белгілеуге қатысуға тыйым салмағанын және/немесе шектеу қоймағанын растайды.	- настоящий Договор и Правила не содержат каких-либо обременительных для Клиента условий, которые он, исходя из своих разумно понимаемых интересов, не принял бы, и Клиент подтверждает, что Банк и Партнер не запрещали и/или не ограничивали Клиента участвовать в определении условий, содержащихся в Договоре и Правилах.
2.2. Осы Шарттың аясында Клиент осы Шарттың талаптарымен бекітілген тәртіппен Қызметтер жиынтығының	2.2. В рамках настоящего Договора Клиент имеет право пользоваться банковскими продуктами и получать услуги, входящие в

<p>құрамына кіретін банктік өнімдер мен қызметтерді пайдалануға құқылы. Қызметтер жиынтығы аясындағы банктік өнімдер мен қызметтер Банктің тарапынан – Банктің өнімдері бойынша, Серіктестің тарапынан – Серіктестің өнімдері бойынша осы Шарт акцептіленгеннен кейін көрсетіледі.</p>	<p>состав Пакета услуг в порядке, закрепленном условиями настоящего Договора. Банковские продукты и услуги в рамках Пакета услуг, могут предоставляться после акцепта настоящего Договора со стороны Банка – по продуктам Банка, со стороны Партнера – по продуктам Партнера.</p>
<p>2.3. Қызметтер жиынтығының құрамына кіретін банктік өнімдерді ұсыну және қызметтерді көрсету, сонымен қатар оларды пайдалануды тоқтату тәртібі аталған өнімдер мен қызметтерді көрсету туралы Банк пен Клиент арасында немесе Тараптар арасында жасалатын (жасалған) жекелеген шарттар бойынша белгіленеді.</p>	<p>2.3. Порядок предоставления продуктов и услуг, входящих в состав Пакета услуг, а также прекращение пользования ими определяются отдельными договорами на предоставление указанных продуктов и услуг, заключаемыми (заключенными) между Банком и Клиентом либо Партнером и Клиентом, либо между Сторонами.</p>
<p>2.4. Осы Шартта көзделмеген өнімдерді ұсыну/қызметтерді көрсету тәртібі мен талаптары әрбір өнім/қызмет бойынша Банктің/Серіктестің ішкі құжаттарына/шарттарының үлгі нысандарына және/немесе Банктің/Серіктестің уәкілетті органдарының/тұлғаларының шешімдеріне сәйкес белгіленеді.</p>	<p>2.4. Порядок и условия предоставления продуктов/услуг, не предусмотренных в настоящем Договоре, определяются в соответствии с внутренними документами/ типовыми формами договоров Банка/ Партнера по каждому продукту/услуге и/или решениями уполномоченных органов/лиц Банка/Партнера.</p>
<p>2.5. Егер Банктің ішкі нормативтік құжаттарында/Шарттарда басқаша көзделмеген болса, онда Қызметтер жиынтығына кіретін Банктің/Серіктестің өнімдері мен қызметтері бойынша тарифтер/мөлшерлемелер осы Шарт қолданыста болатын кезеңде ғана ұсынылады.</p>	<p>2.5. Тарифы/ставки по продуктам и услугам Банка/Партнера, входящим в Пакет услуг, предоставляются только в период действия настоящего Договора, если иное не предусмотрено внутренними нормативными документами Банка/Договорами.</p>
<p>2.6. Клиент осы Шарттың қолданысы тоқтаған жағдайда немесе Өнімдер ұсыну және қызметтер көрсету туралы шарттың қолданыс мерзімі тоқтаған кезде Банктің/Серіктестің өнімдер ұсынудың/қызметтер көрсетудің күшін жоя алатынымен, Банктің/Серіктестің өнімдері мен қызметтері бойынша талаптарды, тарифтерді, мөлшерлемелерді өзгерте алатынымен келіседі.</p>	<p>2.6. Клиент соглашается, что Банк/Партнер могут отменить предоставление продуктов и/или услуг; изменить условия, тарифы, ставки по продуктам и услугам Банка/Партнера в случае прекращения настоящего Договора либо при прекращении срока действия Договора на предоставление продукта или услуги.</p>
<p>3. Қызметтер үшін есеп айырысу</p>	<p>3. Расчеты по Пакету услуг</p>
<p>3.1. Қызметтер жиынтығы аясында Клиентке өнімдер ұсыну/қызметтер көрсету Клиент осы Шарттың 1.5-тармағының талаптарын сақтаған жағдайда жүзеге асырылады.</p>	<p>3.1. Предоставление Клиенту продуктов/услуг в рамках Пакета услуг осуществляется при условии соблюдения Клиентом требований пункта 1.5. настоящего Договора.</p>
<p>3.2. Осы Шарттың 1.5-тармағында көрсетілген Салымда қатарынан 90 (тоқсан) күнтізбелік күн (жеңілдік кезеңі)</p>	<p>3.2. При отсутствии неснижаемого остатка Вклада, указанного в пункте 1.5. настоящего Договора, в течение 90 (Девяносто)</p>

<p>төмендетілмейтін қалдық болмаған жағдайда, Клиент Қызметтер пакетін пайдаланғаны үшін Банк/Серіктес көздеген тарифтерге сәйкес Банкке төлем жасайды.</p>	<p>последовательных календарных дней (льготный период) Клиент производит оплату Банку за использование Пакета услуг, в соответствии с предусмотренными тарифами Банка/Партнера.</p>
<p>3.3. Клиент № _____ банктік шотқа ақша салу арқылы төлем жасайды. Банк Қызметтер жиынтығы үшін комиссия сомасын Клиенттің банктік шотынан алады. Төлем жеңілдік кезеңі аяқталған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей жасалады.</p>	<p>3.3. Оплата производится Клиентом путем внесения денег на банковский счет № _____. Банк списывает сумму комиссии за Пакет услуг с банковского счета Клиента. Оплата производится не позднее 1 (одного) рабочего дня с момента истечения льготного периода.</p>
<p>3.4. Ақша болмаған немесе ол жеткіліксіз болған жағдайда, Банк Клиентке алдын ала хабарламай және оның келісімінсіз, Қазақстан Республикасының немесе сәйкес шетел мемлекетінің заңнамасы бойынша осындай төлем құжатына Клиенттің қосымша акцептісін талап етпейтін төлем құжаттарын ұсыну рұқсат берілетін жағдайларда, Қазақстан Республикасының аумағындағы және оның шегіндегі кез келген басқа банкте (банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда) ашылған Компанияның кез келген банктік шотына ҚР заңнамасында көзделген төлем құжаттарын ұсыну арқылы Клиенттің кез келген шотынан Клиенттің Банк алдындағы берешек мөлшеріндегі ақша сомасын кез келген валютада акцептісіз/даусыз тәртіппен алып қоюға (есептен шығаруға) құқылы.</p>	<p>3.4. В случае отсутствия денег либо их недостаточности Банк без предварительного уведомления и согласия Клиента имеет право в безакцептном/беспорном порядке путем предъявления платежных документов, предусмотренных законодательством РК, к любым банковским счетам Клиента, открытым в Банке или любых других банках второго уровня (организациях, осуществляющих отдельные виды банковских операций) на территории Республики Казахстан и за ее пределами, в случаях, когда законодательством Республики Казахстан или соответствующего иностранного государства допускается предъявление платежных документов, не требующих дополнительного акцепта Клиента к такому платежному документу, изымать (списывать) в любой валюте суммы денег с любых счетов Клиента, в размере имеющейся задолженности Клиента перед Банком, на что Клиент подписанием настоящего Договора дает свое письменное согласие.</p>
<p>3.5. Ақша берешек валютасынан өзге валютада алынған жағдайда, егер Банк басқа бағамды белгілемеген болса, Банк ақша айырбасталатын күнге белгілеген бағам бойынша ақшаны Клиенттің акцептісіз (келісімінсіз) айырбастау. Валюта айырбастауға байланысты барлық шығыстар Клиенттің есебінен төленеді.</p>	<p>3.5. Банк имеет право без акцепта (согласия) Клиента, производить конвертацию денег по курсу Банка на дату конвертации, если иной курс не будет установлен Банком, в случае изъятия денег в валюте, отличной от валюты задолженности. Все расходы, связанные с конвертацией валюты, оплачиваются за счет Клиента</p>
<p>3.6. Осы Шартқа қол қоя отырып, Клиент өзінің Банкте ашылған банктік шотынан Банктің осы комиссия сомасын акцептісіз/даусыз тәртіппен алуының заңға сәйкес екенін растайды және онымен келіседі және алдағы уақытта Клиенттің Банкке ешқандай шағымы болмайды,</p>	<p>3.6. Подписанием настоящего Договора Клиент подтверждает и соглашается с тем, что списание Банком в безакцептном/беспорном порядке путем изъятия с банковского счета, открытого в Банке, суммы данной комиссии, на условиях предусмотренных настоящим Договором,</p>

сондай-ақ Клиентке қосымша хабарлама жіберу немесе қандай да бір құжаттарды тапсыру талап етілмейді.	является правомерными и Клиент в дальнейшем к Банку претензий иметь не будет и дополнительного уведомления Клиента либо предоставления каких-либо документов не требуется.
3.7. Егер Қызметтер жиынтығына ақылы қызмет көрсету кезеңінде осы Шарттың 1.5-тармағының талаптарына сәйкес төмендетілмейтін қалдық қайта қалпына келтірілсе, онда Клиент төлеген комиссия Клиентке қайтарылмайды. Клиент комиссия төлеген және төмендетілмейтін қалдықты қалпына келтірген жағдайда, жеңілдетілген кезеңді есептеу ақылы кезең аяқталған күннен басталады.	3.7. Оплаченная Клиентом комиссия не возвращается Клиенту, если в период платного обслуживания Пакета услуг восстанавливается неснижаемый остаток, согласно требованиям пункта 1.5 настоящего Договора. В случае оплаты комиссии и восстановления Клиентом неснижаемого остатка, отчет льготного периода начинается со дня завершения платного периода.
4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері	4. Права и обязанности сторон
4.1. Клиенттің құқықтары:	4.1. Клиент имеет право:
4.1.2. Қызметтер жиынтығы аясында ұсынылатын және көрсетілетін Банктің/Серіктестің өнімдері мен қызметтерін пайдалану.	4.1.1. Пользоваться услугами и продуктами Банка/Партнера, предоставляемыми в рамках Пакета услуг.
4.1.3. Осы Шартта көзделген тәртіппен және мерзімдерде осы Шартты бұзу.	4.1.2. Расторгнуть настоящий Договор, в порядке и сроки, предусмотренные настоящим Договором.
4.1.4. Осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындау аясында Клиентке қатысы жоқ банктік құпияны құрайтын мәліметтерді және заңмен қорғалатын өзге құпияны қоспағанда, Банктен/Серіктестен қажетті ақпаратты/мәліметтерді алып отыру.	4.1.3. Получать от Банка/Партнера необходимую информацию /сведения, консультации в рамках исполнения обязательств по настоящему Договору, за исключением сведений составляющих банковскую и иную охраняемую законом тайну не относящиеся к Клиенту.
4.2. Клиенттің міндеттері:	4.2. Клиент обязуется:
4.2.1. Осы Шартта көзделген міндеттемелерді тиісті дәрежеде орындау.	4.2.1. Надлежащим образом исполнять обязательства, предусмотренные настоящим Договором.
4.2.2. Осы Шарттың 3-тарауының талаптарына сәйкес Қызметтер жиынтығын пайдаланғаны үшін комиссия төлеуді қамтамасыз ету.	4.2.2. Обеспечить оплату за использование Пакета услуг согласно требованиям раздела 3 настоящего Договора.
4.2.3. Банктің/Серіктестің сауалы бойынша Банктің/Серіктестің сауалында көзделген тәртіппен және мерзімдерде қажетті ақпаратты/мәліметтерді тез арада беріп отыру.	4.2.3. По запросу Банка/Партнера незамедлительно предоставлять необходимую информацию/сведения либо в порядке и сроки, предусмотренном в запросе Банка/Партнера.
4.2.4. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау мүмкіндігі болмаған жағдайда, бұл жөнінде Банкке/Серіктеске тез арада, бірақ осындай жағдай туындаған сәттен бастап 3 жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша хабарлау.	4.2.4. В случае невозможности исполнять свои обязательства по настоящему Договору незамедлительно письменно уведомить об этом Банк/Партнера, но не позднее 3 рабочих дней с момента возникновения данных обстоятельств.

4.2.5. Осы Шартты бұзу туралы шешім қабылдаған жағдайда, Шартты болжалды бұзатын күнге дейін 5 күнтізбелік күн бұрын Банкке хабарлау.	4.2.5. В случае принятия решения о расторжении настоящего Договора уведомить Банк за 5 календарных дней до предполагаемой даты расторжения.
4.2.6. Банктің www.bcc.kz /Серіктестің www.bcc-invest.kz интернет-сайтында Қызметтер жиынтығы бойынша барлық тарифтермен және талаптармен өз бетінше танысу.	4.2.6. Самостоятельно знакомиться со всеми тарифами и условиями Пакета услуг на интернет-сайте Банка www.bcc.kz /Партнера www.bcc-invest.kz .
4.3. Банктің/Серіктестің құқықтары:	4.3. Банк/Партнер имеют право:
4.3.1. Осы Шарттың мақсаттарын іске асыру үшін Клиенттен қажетті ақпаратты/мәліметтерді және құжаттарды/өтініштерді сұрату.	4.3.1. Запрашивать у Клиента необходимую информацию/сведения и документы/заявления для реализации целей настоящего Договора.
4.3.2. Клиент осы Шарттың 1.5 немесе 3.2-тармақтарының талаптарын сақтап, Банктің/Серіктестің ішкі құжаттарында, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген барлық құжаттарды тапсырғаннан кейін ғана өнімдерді ұсыну/қызметтерді көрсету.	4.3.2. Предоставлять продукты/услуги только после предоставления Клиентом всех необходимых документов, предусмотренных внутренними документами Банка/Партнера, действующим законодательством Республики Казахстан, и соблюдения требований пунктов 1.5. либо 3.2. настоящего Договора.
4.3.3. Клиент/Серіктес осы Шартта көзделген өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Банк Клиенттен/Серіктестен осындай іс-әрекеттерімен келтірген барлық залалды нақты зиян сомасында өтеуді талап етуге құқылы.	4.3.3. Банк вправе в случае нарушения Клиентом/Партнером своих обязательств, предусмотренных настоящим Договором, требовать от Клиента/Партнера возмещения всех убытков, причиненных Банку такими действиями в сумме реального ущерба.
4.3.4. Осы Шарттың қолданысы тоқтаған жағдайда, осы Шарттың 1 және 2-қосымшаларында көзделген өнімдер/қызметтер бойынша тарифтердің/мөлшерлемелердің күшін жою.	4.3.4. В случае прекращения действия настоящего Договора отменить тарифы/ставки по продуктам / услугам, предусмотренные Приложениями №1,2 к настоящему Договору
4.3.5. Шартты осы Шартта көзделген тәртіппен және мерзімдерде бұзу, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа жағдайларда бұзу.	4.3.5. Расторгнуть Договор в порядке и сроки, предусмотренные настоящим Договором, а также в иных случаях, предусмотренных законодательством Республики Казахстан.
4.3.6. Банктің www.bcc.kz /Серіктестің www.bcc-invest.kz ресми сайтына ақпаратты орналастыру арқылы Клиентке өзгерістер туралы хабарлай отырып, қызмет көрсету талаптарына және тарифтерге біржақты тәртіппен өзгерістер енгізу.	4.3.6. В одностороннем порядке вносить изменения в условия обслуживания и тарифы с уведомлением Клиента об изменениях путем размещения информации на официальном сайте Банка/Партнера www.bcc.kz /Партнера www.bcc-invest.kz .
4.3.7. Осы Шартқа және Клиент таңдаған Банктің/Серіктестің әрбір жекелеген өнім/қызмет түрлері туралы шарттарға сәйкес тәртіппен және талаптарда Банктің/Серіктестің өнімі/қызметі үшін төлемді Банкте ашылған банктік шоттан	4.3.7. Списывать с банковского счета, открытого в Банке, плату за продукты/услуги Банка/Партнера в порядке и на условиях, согласно настоящего Договора и договоров на каждый отдельный вид продукта/ услуги Банка/Партнера,

алу.	выбранный Клиентом.
4.3.8. Осы Шартты мерзімінен бұрын бұзған жағдайда, Банк/Серіктес Шартты болжалды бұзатын күнге дейін 5 күнтізбелік күн бұрын осы Шарттың барлық тараптарына алдын ала хабарлама жібереді.	4.3.8. В случае досрочного расторжения настоящего Договора Банк/Партнер направляют предварительное уведомление об этом в адрес всех сторон настоящего Договора за 5 календарных дней до предполагаемой даты расторжения.
4.4. Банктің/Серіктестің міндеттері:	4.4. Банк/Партнер обязуются:
4.4.1. Осы Шартқа қол қойғанға дейін Клиентті қызметтер жиынтығының тарифтерімен және қызмет көрсету талаптарымен таныстыру.	4.4.1. До подписания настоящего Договора ознакомить Клиента с условиями обслуживания и тарифами Пакета услуг.
4.4.2. Осы Шартта көзделген міндеттемелерін тиісті дәрежеде орындау.	4.4.2. Надлежащим образом исполнять обязательства, предусмотренные настоящим Договором.
4.4.3. Қызмет көрсету талаптары, мөлшерлемелері/тарифтері туралы өзекті ақпаратты Қызметтер жиынтығына қызмет көрсететін Банктің құрылымдық бөлімшелерінде көзбен шолуға және танысуға ыңғайлы жерге және/немесе Бантің www.bcc.kz/Серіктестің www.bcc-invest.kz интернет-ресурсына орналастыру.	4.4.3. Размещать в месте, доступном для обозрения и ознакомления в структурных подразделениях Банка, осуществляющих обслуживание Пакетов услуг, и/или на интернет-ресурсе Банка www.bcc.kz /Партнера www.bcc-invest.kz в сети Интернет актуальную информацию об условиях обслуживания, ставках/тарифах.
5. Тараптардың жауапкершілігі	5. Ответственность Сторон
5.1. Осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісті дәрежеде орындамаған жағдайда, Тараптар осы Шарттың және/немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының қағидаларымен белгіленген жауапкершілікті көтереді.	5.1. В случае неисполнения и/или ненадлежащего исполнения обязательств по настоящему Договору, Стороны несут ответственность, определенную положениями настоящего Договора и/или действующего законодательства Республики Казахстан.
5.2. Клиент алдында осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны/тиісті дәрежеде орындамағаны үшін Банк/Серіктес бір-бірінің алдында жауап бермейді.	5.2. Банк/Партнер не несут ответственности друг перед другом за неисполнение/ненадлежащее исполнение обязательств по настоящему Договору перед Клиентом.
5.3. Клиент Банкке/Серіктеске бірлесіп әрекет етудің дұрыс емес арналарын хабарлаған, соның ішінде олардың өзгеруі, оның ішінде дұрыс жұмыс істемеуі/жоғалуы туралы уақытылы хабарламаған жағдайларда, Банк/Серіктес осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны/уақытылы орындамағаны үшін жауап бермейді.	5.3. Банк/Партнер не несут ответственности за несвоевременное исполнение/неисполнение обязательств по настоящему Договору в случае, если Клиент сообщил неверные каналы взаимодействия, в т.ч. несвоевременно уведомил Банк/Партнера об их изменениях, в т.ч. их неисправности/утери.
5.4. Осы Шарттың 4.2.6-тармағына сәйкес Банк/Серіктес Клиенттің Банктің www.bcc.kz /Серіктестің www.bcc-invest.kz интернет-сайтына орналастырылатын Қызметтер жиынтығы бойынша тарифтердің мөлшері мен	5.4. Банк/Партнер не несут ответственность за неосведомленность/несвоевременную осведомленность Клиента о размерах тарифов и условий по Пакету услуг, размещаемая на интернет-сайте Банка www.bcc.kz /Партнера www.bcc-invest.kz ,

талаптарынан хабардар болмағаны/уақытылы хабардар болмағаны үшін жауап бермейді.	согласно п. 4.2.6. настоящего Договора
6. Қызметтер жиынтығы аясында кешенді қызмет көрсетуді тоқтату	6. Прекращение комплексного обслуживания в рамках Пакета услуг
6.1. Келесі жағдайлардың бірі орын алған кезде Қызметтер жиынтығы аясында кешенді қызмет көрсету тоқтатылады:	6.1. Прекращение комплексного обслуживания в рамках Пакета услуг осуществляется в одном из следующих случаев:
6.1.1. Тараптар қабылдаған міндеттемелер толық орындалғаннан кейін осы Шарттың қолданыс мерзімі аяқталған кезде.	6.1.1. По окончании срока действия настоящего Договора, после полного исполнения обязательств, принятых Сторонами.
6.1.2. Банк белгілеген нысан (осы Шарттың 3-қосымшасы) бойынша жасалған Клиенттің жазбаша өтінішінің негізінде. Бұл кезде Қызметтер жиынтығы аясында берілген барлық шарттар жабылады немесе Қызметтер жиынтығына кірмейтін Банктің/Серіктестің тарифтеріне сәйкес қызмет көрсету талаптары басқа қызмет көрсету талаптарына ауыстырылады (Банкте/Серіктесте осындай мүмкіндік болған кезде).	6.1.2. На основании письменного заявления Клиента, по форме определенной Банком (Приложение №3 к настоящему Договору). При этом осуществляется закрытие договоров, выданных в рамках Пакета услуг, либо происходит смена условий обслуживания на иные условия обслуживания (при наличии такой возможности у Банка/Партнера), согласно тарифам Банка/Партнера, не входящих в Пакет услуг.
6.1.3. Салымда осы Шарттың 1.5-тармағында көрсетілген төмендетілмейтін қалдық қатарынан 90 (тоқсан) күнтізбелік күн болмаған кезде және Банк бекіткен тарифтерге сәйкес Қызметтер жиынтығы аясында кешенді қызмет көрсету үшін төлем жасалмаған кезде (осы Шарттың 3.2.-3.3.-тармақтары).	6.1.3. При отсутствии во вкладе неснижаемого остатка, указанного в пункте 1.5. настоящего Договора, в течение 90 (девяноста) последовательных календарных дней и отсутствии оплаты (п. п. 3.2.-3.3. настоящего Договора) за оказание комплексного обслуживания в рамках Пакета услуг согласно тарифам, утвержденным Банком.
6.2. Қызметтер жиынтығы аясында кешенді қызмет көрсету тоқтатылған кезде Қызметтер жиынтығының барлық жеке талаптары мен опциялары өз күшін жояды және/немесе егер Банктің ішкі нормативтік құжаттарында/Шарттарда басқаша көзделмеген болса, онда Банктің тарифтеріне сәйкес Қызметтер жиынтығына кірмейтін қызмет көрсетудің стандарт талаптарына ауысады.	6.2. При прекращении комплексного обслуживания в рамках Пакета услуг все индивидуальные условия и опции Пакета услуг прекращают свое действие и/или переходят на стандартные условия обслуживания, согласно тарифам Банка, не входящим в Пакет услуг, если иное не предусмотрено внутренними нормативными документами Банка/Договорами.
6.3. Тараптар осы Шартты бұзған сәтке дейін өзара есеп айырысуды салыстырып тексереді.	6.3. Стороны производят сверку взаиморасчетов до момента расторжения настоящего Договора.
6.4. Банк/Серіктес Клиентке хабарлама жіберу арқылы осы Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. Хабарлама жіберілген жағдайда, осы Шарт хабарламада көрсетілген күннен бастап бұзылған деп есептеледі және Шартты	6.4. Банк/Партнер вправе расторгнуть настоящий Договор в одностороннем порядке путем направления уведомления Клиенту. При направлении уведомления, настоящий Договор считается расторгнутым с даты, указанным в уведомлении и

<p>бұзу туралы шарт жасасу немесе қандай да бір құжаттарды немесе Клиенттің келесімін тапсыру талап етілмейді. Осы Шартқа қол қоя отырып Клиент осы тармақтың талаптарын растайды және онымен келіседі және алдағы уақытта шағым жасамайтын болады. Пошта байланысы құжаттары немесе хабарламаны қолма-қол тапсырған кезде оны қабылдау туралы Клиенттің қолы хабарламаның жіберілгенінің дәлелі болып табылады.</p>	<p>заключения договора о расторжении либо предоставления каких-либо документов или согласий Клиента не требуется. Подписанием настоящего Договора Клиент подтверждает и соглашается с условиями настоящего пункта и в дальнейшем претензий иметь не будет. Подтверждением направления уведомления являются документы почтовой связи либо при наличии росписи Клиента о принятии при нарочном вручении уведомления.</p>
<p>7. Конфиденциальность және шектеулер</p>	<p>7. Конфиденциальность и ограничения</p>
<p>7.1. Тараптар басқа Тараптардың коммерциялық, қаржылық және өзге мүдделерін адал сақтауға келіседі.</p>	<p>7.1. Стороны соглашаются добросовестно хранить коммерческие, финансовые и иные интересы других Сторон.</p>
<p>7.2. Тараптар осы Шартқа қатысты кез келген ақпаратты, соның ішінде ақпаратты беруге екінші Тараптың жазбаша рұқсаты болған жағдайларды және осындай жария ету Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес міндетті болған жағдайды қоспағанда, екінші Тараптан алған ақпаратты үшінші тұлғаларға жария етпеуге және бермеуге міндеттенеді.</p>	<p>7.2. Стороны обязуются не разглашать и не передавать третьей стороне любую информацию, касающуюся настоящего Договора, в том числе полученную от других Сторон, за исключением случаев, когда на это имеется письменное согласие другой Стороны или в случае, если такое раскрытие обязательно в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан.</p>
<p>7.3. Конфиденциалды ақпарат Тараптардың қаржылық немесе шаруашылық қызметіне қатысы бар мәліметтерді қамтиды. Тараптар осы Шарттың конфиденциалдылығын сақтау, соның ішінде конфиденциалды ақпаратты пайдалана алатын тұлғалар қатарына шектеу қою үшін барлық ақылға қонымды шараларды қолдануға міндеттенеді.</p>	<p>7.3. Конфиденциальная информация включает в себя сведения, имеющие отношение к финансовой либо хозяйственной деятельности Сторон. Стороны обязуются принять все разумные меры к сохранению конфиденциальности настоящего Договора, в том числе ограничат круг лиц, которым будет доступна конфиденциальная информация.</p>
<p>7.4. Осы Шарт бойынша конфиденциалды ақпараттың жария болу қаупі туындаған жағдайда, сонымен қатар оның жария болуына жол берілген жағдайда, Тараптар:</p> <p>7.4.1. Бұл жөнінде екінші Тарапқа тез арада хабар беруге;</p> <p>7.4.2. Осындай ақпараттың әрі қарай тармауы үшін, сонымен қатар осындай жария болуға байланысты орын алған жағымсыз салдарды азайту үшін қолдан келер барлық шараларды қолдануға міндеттенеді.</p>	<p>7.4. В случае возникновения угрозы разглашения конфиденциальной информации по настоящему Договору, а также в случае допущения ее разглашения, Стороны берут на себя обязательства:</p> <p>7.4.1. незамедлительно поставить в известность другую Сторону о данном факте,</p> <p>7.4.2. предпринять все возможные меры для дальнейшего нераспространения такой информации, а также уменьшения негативных последствий, связанных с таким разглашением.</p>
<p>8. Форс-мажор</p>	<p>8. Форс-мажор</p>
<p>8.1. Табиғи апаттар (су тасқыны, жер сілкінісі, эпидемия, өрт) жаппай тәртіпсіздіктер, көтерілістер, төңкерістер,</p>	<p>8.1. В случае возникновения/наступления обстоятельств непреодолимой силы, вызванных прямо или косвенно проявлением</p>

<p>әскери іс-қимылдар, үшінші тұлғалардың құқыққа қарсы іс-әрекеттері, осы Шартта көрсетілген қызмет салаларына тікелей немесе жанама түрде тыйым салатын заңнамалық және өзге нормативтік актілердің күшіне енуі, сонымен қатар Тараптардың еркінен тыс және Тараптардың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін жүзеге асыруға кедергі келтіретін өзге жағдайлардың тура немесе жанама әсерінен туындаған дүлей күшті жағдайлар туындаған/орнаған жағдайда, Тараптар жауапкершіліктен босатылады.</p>	<p>стихийных бедствий (наводнения, землетрясения, эпидемии, пожары), массовые беспорядки, забастовки, революции, военные действия, противоправные действия третьих лиц, вступление в силу законодательных и иных нормативных правовых актов, прямо или косвенно запрещающих указанные в настоящем Договоре виды деятельности, и иных обстоятельств, не зависящих от волеизъявления Сторон и препятствующих осуществлению Сторонами своих обязательств по настоящему Договору.</p>
<p>8.2. Тараптар дүлей күшті жағдайлардың туындау себебі бойынша осы Шарт бойынша өздеріне қабылдаған міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісті дәрежеде орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.</p>	<p>8.2. Стороны освобождаются от ответственности за неисполнение и/или ненадлежащее исполнение взятых на себя обязательств по настоящему Договору по причине возникновения обстоятельств непреодолимой силы.</p>
<p>8.3. Осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындай алмау жағдайы орнаған Тарап екінші Тарапқа бұл жөнінде 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлауға міндетті. Хабарландырудың болмауы немесе уақытылы хабарламау Тарапты жоғарыда айтылған жағдайлардың кез келгеніне осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамау/тиісті дәрежеде орындамау жауапкершілігінен босататын негіздеме ретінде жүгінуге құқығынан айырады.</p>	<p>8.3. Сторона, для которой создана невозможность исполнения обязательств по настоящему Договору, обязана уведомить другую Сторону не позднее, чем за 3 (три) рабочих дня. Отсутствие уведомления или несвоевременное уведомление лишает Сторону права ссылаться на любое из вышеупомянутых обстоятельств как на основание, освобождающее от ответственности за неисполнение/ненадлежащее исполнение обязательств по настоящему Договору.</p>
<p>8.4. Төменде көрсетілгендер дүлей күшті жағдайларға (форс-мажор) жатпайды:</p>	<p>8.4. К обстоятельствам непреодолимой силы (форс-мажор) не относятся:</p>
<p>1) Клиенттің, Банктің, Серіктестің қасақана және абайсыз іс-әрекеттерінен туындаған жағдайлар;</p>	<p>1) события, вызванные умышленными и неосторожными действиями Клиента, Банка, Партнера;</p>
<p>2) осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін адал орындайтын Тарап алдын алуға және еңсеруге болатын оқиғалар;</p>	<p>2) события, которые Сторона, добросовестно исполняющая свои обязательства по настоящему Договору, могла предвидеть и/или преодолеть;</p>
<p>3) ақшалай қаражаттың болмауы немесе төлемнің жүзеге асырылмауы.</p>	<p>3) отсутствие денежных средств или неосуществление оплаты.</p>
<p>9. Даулы мәселелерді шешу тәртібі</p>	<p>9. Порядок разрешения споров</p>
<p>9.1. Тараптар арасында осы Шарт бойынша немесе оған байланысты туындайтын барлық даулы мәселелер немесе өзге келіспеушіліктер Тараптар арасында келіссөздер жүргізу арқылы шешіледі.</p>	<p>9.1. Все споры или иные разногласия, возникающие между Сторонами по настоящему Договору или в связи с ним, разрешаются путем переговоров между Сторонами</p>
<p>9.2. Келіспеушіліктерді келіссөздер</p>	<p>9.2. В случае невозможности разрешения</p>

<p>жүргізу арқылы шешу мүмкін болмаған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының сот органдарында шешілуі тиіс.</p>	<p>разногласий путем переговоров, они подлежат рассмотрению в судебных органах Республики Казахстан в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан.</p>
<p>10. Өзге талаптар</p>	<p>10. Прочие условия</p>
<p>10.1. Осы Шартқа қол қоя отырып, Клиент осы Шарттың талаптарымен танысу үшін оған қажетті және жеткілікті мөлшерде уақыт берілгенін растайды және келіседі, сонымен қатар осы Шартты жасағанға дейін оған Қызметтер жиынтығы аясындағы қолданыстағы мөлшерлемелер мен тарифтер туралы, банктік қызмет көрсету туралы өтініш бойынша (өтініш беру қажет болған кезде) шешім қабылдау мерзімдері туралы толық ақпараттың, банктік қызмет көрсету талаптары туралы ақпараттың және осы Шартты жасауға қажетті құжаттардың тізбесінің, осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған жағдайда, Клиенттің жауапкершілігі мен ықтимал тәуекелдері туралы ақпараттың, Клиентте туындаған сұрақтар бойынша, оның ішінде оған көрсетіліп жатқан банктік қызмет бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде оның Банкке, уәкілетті органға немесе сотқа өтініш жасау құқығы туралы кеңестің берілгенін растайды және келіседі.</p>	<p>10.1. Подписанием настоящего Договора Клиент подтверждает и соглашается, что ему было предоставлено необходимое и достаточное время на ознакомление с условиями настоящего Договора, а также до заключения настоящего Договора ему была предоставлена полная информация о ставках и тарифах действующие в рамках Пакета услуг, сроках принятия решения по заявлению о предоставлении банковской услуги (при необходимости подачи заявления), информация об условиях предоставления банковской услуги и перечень необходимых документов для заключения настоящего Договора, информация об ответственности и возможных рисках Клиента в случае невыполнения обязательств по настоящему Договору, консультация по возникшим у Клиента вопросам, в том числе о его праве обращения при возникновении спорных ситуаций по получаемой банковской услуге в банк, в уполномоченный орган или в суд.</p>
<p>10.2. Осы Шартқа қол қоя отырып, Клиент Банктің/Серіктестің осы Шарт бойынша немесе жекелеген шарттар бойынша Клиенттің Банк/Серіктес алдындағы міндеттемелерін орындау мерзімінің орнағаны туралы, сонымен қатар Банк/Серіктес алдындағы міндеттемелер бойынша мерзімінен кешіктірілген берешектің туындағаны туралы ақпаратты беру, Банкке/Серіктеске берілген Клиенттің ұялы телефонының нөміріне SMS-хабарламалар жіберуді, пошталық жөнелтілімдерді, жеделхаттарды, дауыстық хабарламаларды, электронды пошта арқылы хабарламалар жіберуді қоса алғанда, кез келген байланыс арнасы бойынша Банктің/Серіктестің қызметтері туралы жарнамалық хабарламаларды беріп отыру құқығын іске асыратынын растайды және оған өз келісімін береді.</p>	<p>10.2. Подписанием настоящего Договора Клиент подтверждает и предоставляет свое согласие на реализацию прав Банком/Партнером на информирование его о наступлении сроков исполнения обязательств Клиента перед Банком/Партнером по настоящему Договору или отдельным договорам, а также о возникновении просроченной задолженности по имеющимся перед Банком/Партнером обязательствам, предоставление рекламных сообщений об услугах Банка/Партнера по любым каналам связи, включая направление SMS-сообщений на мобильный номер Клиента, имеющийся у Банка/Партнера, почтовые отправления, телеграммы, голосовые сообщения, сообщения по электронной почте.</p>
<p>10.3. Осы Шартқа енгізілген барлық</p>	<p>10.3. Все изменения, дополнения и</p>

<p>өзгерістер, толықтырулар және Шарттың қосымшалары жазбаша нысанда жасалуы және оларға Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қоюы тиіс. Осы Шартқа тиісті дәрежеде жасалған өзгерістер, толықтырулар және қосымшалар оның ажырамас бөлігі болып табылады.</p>	<p>приложения к настоящему Договору должны быть совершены в письменной форме и подписаны уполномоченными представителями Сторон, за исключением случаев, предусмотренных настоящим Договором. Совершенные должным образом изменения, дополнения и приложения к настоящему Договору являются его неотъемлемой частью.</p>
<p>10.4. Осы Шарт қазақ және орыс тілдерінде, заңдық күші тең 3 (үш) данада, әр Тарап үшін бір-бір данадан жасалған және Тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді.</p>	<p>10.4. Настоящий Договор составлен на русском и казахском языках, в 3-х идентичных экземплярах, по одному экземпляру для каждой Стороны обладающих равной юридической силой, и вступает в силу с момента подписания его Сторонами.</p>
<p>10.5. Осы Шартта көзделмеген барлық жағдайларда, Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын және Клиент таңдаған әрбір жекелеген өнім/қызмет түрлері туралы өзге шарттарды басшылыққа алады.</p>	<p>10.5. Во всём, что не предусмотрено настоящим Договором, Стороны будут руководствоваться действующим законодательством Республики Казахстан и иными Договорами на каждый отдельный вид продукта/ услуги выбранный Клиентом.</p>

<p>«Банк ЦентрКредит» АҚ/ АО «Банк ЦентрКредит»</p> <p>Қазақстан Республикасы, Алматы қ., әл-Фараби даңғ., 38/ Республика Казахстан г. Алматы, пр. Аль-Фараби, 38 Тел.: (727) 2 598-525 БСН/БИН 980640000093 ЖСК/ИИК БСК/БИК: NBRKKZKX Бек/КБЕ 14</p> <p>_____</p> <p>М.О./М.П</p> <p>«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың еншілес ұйымы – «BCC Invest» АҚ/ АО «BCC Invest» - дочерняя организация АО «Банк ЦентрКредит»</p> <p>Пошталық мекенжайы: 050022, Алматы қ., Шевченко көш., 100-үй, тел. (8 727) 244 32 32, факс (8 727) 244 32 31/ Почтовый адрес: 050022, г. Алматы, г.</p>	<p>Клиент:</p> <p>Аты-жөні / Ф.И.О. _____</p> <p>Тұратын мекенжайы:/Адрес проживания: _____ _____</p> <p>ЖСН/ИИН: _____</p> <p>ЖСК/ИИК: _____</p> <p>Тел.: _____</p> <p>қолы / подпись _____</p>
---	---

**Алматы, ул. Шевченко, д.100, тел. (8 727)
244 32 32, факс (8 727) 244 32 31
БСН/БИН 030640007360,
«Банк Центр Кредит» АҚ-тағы ЖСК/
ИИК KZ508560000000476430 в АО «Банк
Центр Кредит»
БСК/БИК: КСЖВКЗКХ
ТМК/КНП 841**

М.О./М.П.

ҚОЛЫ / ПОДПИСЬ

**««Банк ЦентрКредит» АҚ-тың «BCC Elite»
қызметтер жиынтығы аясында кешенді
қызмет көрсету туралы шартқа
1-қосымша/
Приложение №1
к Договору о предоставлении комплексного обслуживания
в рамках пакета услуг «BCC Elite»
АО «Банк ЦентрКредит»**

№ _____
от " ____ " _____ 20__ ж./г.

Қызметтер жиынтығы аясында кешенді қызмет көрсету келесі қызметтерді қамтиды:		Жиынтықтағы саны	BCC Elite мөлшерлемесі/тарифі
ФҚБ желісінде «BCC Elite» бойынша қызмет көрсету. Дербес менеджерді бекіту.		1	«BCC Elite» қызметтер жиынтығының тарифтері мен мөлшерлемелері
Теңгемен немесе шетел валютасымен салым ашу		шектеусіз	
Ағымдағы шот (теңгемен немесе шетел валютасымен)		шектеусіз	
Төлем карточкаларын шығару	Негізгі төлем карточкасы	Visa Infinite/ UnionPay Diamond/ MC World Black Edition – 1 дана/pcs	
	Кредит картасы	Visa Infinite / UnionPay Diamond / MC World Black Edition/Platinum – 1 дана/pcs	
	Қосымша дебет/кредит төлем карточкасы (клиенттің таңдауы бойынша – негізгі ұстаушының немесе үшінші тұлғаның атына)	Visa Infinite / UnionPay Diamond / MC World Black Edition - 1 дана/pcs немесе Platinum– 2 pcs /ед.	
	Жиынтықтағы төлем карточкаларының жалпы саны	3 дана/pcs немесе 4 дана/pcs	
SMS-банкинг Starbanking		Барлық шоттарға	
«BCC Elite» қызметтер жиынтығы аясында төлем картасының негізгі ұстаушысына сақтандыру сертификатын беру		1 (Visa Infinite/ UnionPay Diamond/ MC World Black Edition картасының негізгі ұстаушысы)	
Visa Infinite картасын ұстаушыларға арналған қосымша сервис		1. Клиенттерге жаһандық қолдау көрсету қызметі. 2. Халықаралық медициналық жәнетревел қолдау. 3. Сауда-саттықты қорғау. 4. Ұзартылған кепілдік. 5. Саяхат кезінде толық сақтандыру. 6. Серіктестердің атынан жасалатын премиум санатындағы ұсыныстар/ жеңілдіктер топтамасы.	
Сейфтік депозитарийді жалға беру		1 дана	
Клиентті инкассациямен сүйемелдеу		Сауал бойынша	
Валюта айырбастаудың жеке бағамдары		20 000 доллардан бастап	
Авторизациялау орталығының жеке бөлінген Call Center телефон желісі		шектеусіз	

Комплексное обслуживание в рамках пакета услуг включает:		Количество в пакете	Ставка/ тариф BCC Elite
Обслуживание в сети СПФ «BCCElite». Закрепление персонального менеджера.		1	Тарифы и ставки пакета BCCElite
Вклад в тенге или иностранной валюте		не ограничено	
Текущий счет (в тенге или иностранной валюте)		не ограничено	
Выпуск платежных карт	Основная платежная карточка	Visa Infinite/ UnionPay Diamond/ MC World Black Edition – 1 pcs /ед	
	Кредитная карта	Visa Infinite / UnionPay Diamond / MC World Black Edition/Platinum– 1 pcs /ед	
	Дополнительная платежная дебетная/кредитная карточка (на выбор - на основного держателя либо на 3-е лицо)	Visa Infinite / UnionPay Diamond / MC World Black Edition- 1pcs /ед. или Platinum– 2 pcs /ед.	
	Общее количество платежных карточек в пакете	3 pcs /ед или 4pcs /ед	
SMS-банкинг Starbanking		На все счета	
Выдача страхового сертификата для основного держателя платежной карты в рамках пакета услуг BCCElite		1 (основной держатель карты VisaInfinite/ UnionPayDiamond/ MC World Black Edition)	
Дополнительные сервисы для держателей карт Visa Infinite/ MC World Black Edition		1. Глобальная служба поддержки клиентов 2. Международная медицинская и тревел поддержка 3. Защита покупок 4. Продленная гарантия 5. Полное страхование на время путешествий 6. Коллекция премиальных предложений/скидок от партнеров	
Аренда сейфового депозитария		1 ед	
Сопровождение клиента с инкассацией		По запросу	
Индивидуальные курсы конвертации валют		От 20 000 дол	
Отдельно-выделенная телефонная линия Call Center Центра авторизации		Не ограничено	

**««Банк ЦентрКредит» АҚ-тың «BCC Elite»
қызметтер жиынтығы аясында кешенді
қызмет көрсету туралы шартқа
2-қосымша/
Приложение №2
к Договору о предоставлении комплексного обслуживания
в рамках пакета услуг «BCC Elite»
АО «Банк ЦентрКредит»**

№ _____
от " ____ " _____ 20__ ж./г.

Қызметтер жиынтығы аясында кешенді қызмет көрсету келесі қызметтерді қамтиды:	Сипаттамасы	ВСС Elite мөлшерлемесі/тарифі
Брокерлік шот ашу		Тегін
Брокерлік қызмет көрсету, дербес менеджер	Бағалы қағаздарды сатып алу/сату, РЕПО операцияларын жүргізген кезде клиенттерге кеңес беру және қолдау көрсету	Жеке тарифтер
Аналитика	Аналитикалық қолдау, макро-болжамдар беру, ағымдағы портфельді талдау	Тегін
Жеке сенімгерлікпен басқару, пай қорлары	Шарттың /Қордың ережесінің негізінде портфель бойынша инвестициялық шешімдер	Жеке тарифтер
Балама инвестициялар	Жылжымайтын мүлік қорларын, хедж қорларын, Тәуекелді инвестициялаудың жабық инвестициялық пай қорын, ҚҚҚ және т.б. кешенді қаржылық және заңдық қолдау көрсету	Жеке тарифтер
Салықтық жоспарлау	Бағалы қағаздар нарығында жүргізілген мәмілелерге қатысты салық салынатын кірісті басқару, жоспарлау және есептеу бойынша консалтингтік қызметтер	Жеке тарифтер
Elite өнімдер	<ol style="list-style-type: none"> 1. Батыс инвестициялық банктерде шоттар ашу және оларға қолдау көрсету. 2. Шетелдік юрисдикцияға активтерді аудару. 3. Комплаенс-досье қалыптастыру. 4. Халықаралық салық салу бойынша қолдау көрсету. 5. Халықаралық активтерді 	Жеке тарифтер

	декларациялау бойынша консалтинг. 6. Серіктестік жиынтықтар. 7. Капиталды қорғау құралдары.	
--	--	--

Комплексное обслуживание в рамках пакета услуг включает:	Описание	Ставка/ тариф ВСС Elite
Открытие брокерского счета		Бесплатно
Брокерское обслуживание, персональный менеджер	Консультирование и поддержка клиентов при сделках покупки /продажи ценных бумаг, операций РЕПО	Индивидуальные тарифы
Аналитика	Аналитическая поддержка, предоставление макро-прогнозов, анализ текущего портфеля	Бесплатно
Индивидуальное доверительное управление, Паевые фонды	Инвестиционные решения по портфелю на основании договора/правил Фонда.	Индивидуальные тарифы
Альтернативные инвестиции	Комплексная финансовая и юридическая поддержка Фонды недвижимости, хедж фонды, ЗПИФРИ, СФК и др.	Индивидуальные тарифы
Налоговое планирование	Консалтинговые услуги по управлению, планированию и расчету налогооблагаемого дохода по сделкам, проведенным на рынке ценных бумаг	Индивидуальные тарифы
Elite продукты	<ol style="list-style-type: none"> 1. Открытие и поддержание счетов у западных инвестиционных банков 2. Перевод активов в зарубежную юрисдикцию 3. Формирование комплаенс-досье 4. Поддержка по международному налогообложению 5. Консалтинг по декларированию международных активов 6. Партнерские пакеты 7. Инструменты с защитой капитала 	Индивидуальные тарифы

**««Банк ЦентрКредит» АҚ-тың «ВСС Elite»
қызметтер жиынтығы аясында кешенді
қызмет көрсету туралы шартқа
3-қосымша/
Приложение № 3
к Договору предоставления комплексного обслуживания
в рамках пакета услуг «ВСС Elite»
АО «Банк ЦентрКредит»**

№ _____
от " ____ " _____ 20__ ж./г.

**«ВСС Elite» қызметтер жиынтығы аясында Клиентке кешенді қызмет көрсету туралы
шартты жабу туралы өтініш/
Заявление на закрытие Договора о предоставлении комплексного обслуживания Клиента в
рамках пакета услуг «ВСС Elite»**

Қазақстан Республикасы / Республика Казахстан г. _____ к.

(күні, айы, жылы / число, месяц, год)

Мен, азамат (азаматша) / Я, гражданин (ка),

(аты-жөні / фамилия, имя, отчество)

<p>_____ байланысты осы арқылы менің _____.20__ ж. № _____ «Банк ЦентрКредит» АҚ- тың «ВСС Elite» қызметтер жиынтығы аясында кешенді қызмет көрсету туралы шартымды: - мерзімінен бұрын бұзуды; - бұзуды (қажеттісін таңдаңыз) және жабуды сұраймын.</p>	<p>Настоящим прошу Вас: - досрочно расторгнуть - расторгнуть (выбрать необходимое) и закрыть мой Договор о предоставлении комплексного обслуживания в рамках пакета услуг «ВСС Elite» АО «Банк ЦентрКредит № _____ от « ____ » _____ 20__ г. В связи _____</p>
--	--

<p>Сізден «BCC Elite» қызметтер жиынтығы аясындағы барлық өнімдер мен қызметтерді _____ жабуды сұраймын.</p> <p>немесе</p> <p>Сізден «BCC Elite» жиынтығына кіретін өнімдер бойынша талаптар мен тарифтерді Банктің, Серіктестің тарифтеріне сәйкес стандарт қызмет көрсету талаптарына өзгертуді сұраймын.</p> <p>_____</p> <p><i>(қажеттісін таңдаңыз)</i></p>	<p>Прошу осуществить закрытие всех продуктов и услуг в рамках пакета услуг «BCC Elite», _____</p> <p>или</p> <p>Прошу Вас изменить условия и тарифы по продуктам, входящим в пакет «BCC Elite» на стандартные условия обслуживания, согласно тарифам Банка, Партнера. _____</p> <p><i>(выбрать необходимое)</i></p>
--	---

Клиент:

Аты-жөні/Ф.И.О: _____

Тұрғылықты мекенжайы:/ Адрес места жительства: _____

Тіркелген мекенжайы:/ Адрес места прописки: _____

ЖСН/ИИН: _____

Жеке тұлғасын куәландыратын құжаты/

Документ, удостоверяющий личность:

сериясы /серия _____ № _____